

## Телекоммуникациялар желілерінің өзара іс-қимыл жасауы мен орталықтан басқарудың бірыңғай қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 17 наурызда № 10465 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2018 жылғы 27 наурызыдағы № 25/ке бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 27.03.2018 № 25/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Телекоммуникациялар желілерінің өзара іс-қимыл жасауы мен орталықтан басқарудың бірыңғай қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (С.С. Сәрсенов):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министрі А.Қ. Жұмағалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

\_\_\_\_\_ А. Дауылбаев

2015 жылғы 17 наурыз

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 29 қантардағы  
№ 66 бұйрығымен бекітілген

## **Телекоммуникациялар желілерінің өзара іс-қимыл жасауы мен орталықтан басқарудың бірынғай қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Телекоммуникациялар желілерінің өзара іс-қимыл жасауы мен орталықтан басқарудың бірынғай қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 21-бабына сәйкес әзірленді және телекоммуникациялар желілерінің өзара іс-қимыл жасауы мен орталықтан басқару тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар арнайы мақсаттағы телекоммуникация желілерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының бірынғай телекоммуникация желісін құрайтын желілерге қолданылады.

3. Осы Қағидаларда келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) телекоммуникация желілерін орталықтан басқару жүйесі (бұдан әрі - ТЖОБ жүйесі) - басқарушы технологиялық параметрлерді қалыптастыру және олардың атқарылуын бақылау жөніндегі ұйымдық-техникалық іс-шаралар кешені ;

2) шетелдік байланыс операторлары - Қазақстан Республикасынан тыс байланыс қызметтерін көрсететін жеке немесе заңды тұлғалар.

4. Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін орталықтан басқаруды уәкілдетті орган Заңға сәйкес және мына:

1) халықаралық байланыс желілерінде телекоммуникация желілері трафигінің ағымдағы жағдайы туралы ақпаратты жинақтау және талдау;

2) байланыс құралдары тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мұддесіне нүқсан келтіретін қылмыстық мақсатта, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы

сайлау туралы заңнаманы бұзатын экстремистік және террористік әрекеттерді жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге, сол сияқты белгілентен тәртіпті бұза отырып жүргізілетін бұқаралық (жария) іс-әрекеттерге қатысуға шақыруды қамтитын ақпаратты тарату үшін пайдаланған жағдайларда, соттардың кез келген желілер мен байланыс құралдарының қызметін тоқтата тұру туралы сот шешімдерінің, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарлары ұйғарымдарының орындалуын қамтамасыз ету;

3) уәкілетті мемлекеттік органдарды басым пайдалану, сондай-ақ табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар болған кезде келген желілер мен байланыс құралдарының (үкіметтік байланыстан басқа) қызметін тоқтата тұру құқығымен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

## **2. Телекоммуникация желілерінің өзара іс-қимыл жасауы мен орталықтан басқару тәртібі**

5. Трафикті өткізуді және өзара есеп айырысу тәртібін қоса алғанда, телекоммуникация желілерінің қосылуы мен өзара іс-қимыл жасауы Заңның 8 бабы 19-13) тармақашаларына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Қалааралық және халықаралық байланыс операторлары өздерінің телекоммуникация желілерін орталықтан басқару орталықтарын ТЖОБ жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз етеді.

7. Қалааралық және халықаралық телефон байланыс операторларының телекоммуникация желілерін ТЖОБ жүйесіне қосу телекоммуникация желілерінің жұмыс істеуін, орнықтылығын және ақпараттық қауіпсіздігін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету шараларын көздейтін және уәкілетті органмен келісілген байланыс операторы мен мемлекеттік техникалық қызмет арасындағы екі жақты келісімдері негізінде жүзеге асырылады.

8. Қалааралық және халықаралық байланыс операторлары шетелдік операторлармен трафик алмасуды ТЖОБ жүйесі арқылы жүзеге асырады.

9. Қалааралық және халықаралық байланыс шетелдік операторлармен трафик алмасуды Қазақстан Республикасының қалааралық және халықаралық байланыс операторлары арқылы ғана жүзеге асырады.

10. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде байланыс желілерін басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган басқа да уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

11. Желілердің және (немесе) байланыс құралдарының қызметін тоқтата тұру туралы шешімді алған кезде мемлекеттік техникалық қызмет деру осы шешімнің орындалуын қамтамасыз етеді және байланыс операторларына оның орындалуын қамтамасыз етудің пайдаланылатын технологиялық параметрлері туралы хабарлайды.

12. Көрсетілген шешімнің орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін байланыс операторы өзінің телекоммуникация желісінің басқару орталығына уәкілетті органның жеке қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

13. Егер, байланыс желілерін және (немесе) құралдарын жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мұдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнаманы бұзатын, экстремистік және террористік әрекеттерді жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге, сонымен қатар белгіленген тәртіпті бұза отырып жүргізілетін бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын ақпарат тарату үшін пайдаланған адам оны алып тастаған жағдайда, онда ол бұл туралы уәкілетті органға хабарлама жібереді.

14. Заңының 41-1 баптың 4-тармағында көрсетілген хабарламаны алғаннан және оның анықтығын тексергеннен кейін уәкілетті орган мемлекеттік техникалық қызметке Заңының 41-1 баптың 2-тармағында көрсетілген талаптың күшін жою туралы тапсырма береді.

15. Мемлекеттік техникалық қызмет уәкілетті органнан Заңының 41-1 баптың 5-тармағында көрсетілген тапсырманы алғаннан кейін оны деру орындауын қамтамасыз етеді және байланыс операторларының қолданатын технологиялық параметрлер және оның орындауы туралы хабарлауды қамтамассыз ету тиіс.